

Б.Ж. Тұрмағамбетова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан

E-mail: bakyt_tur.zhol@mail.ru

ORCID ID: 10000-0002-2391-6922

ОТАНДЫҚ ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ М.М. АХМЕТОВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Аңдатпа. Музыкатанушы ғалым Ахметова Мәриям Мұқатайқызы елуінші жылдардың соңында Мәскеуде өнертану саласы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғаған алғашқы қазақ қызы. Орталық Азиядан шыққан тұңғыш кәсіби әйел маманның ғылыми еңбектері одақ көлемінде танылды. Зерттеуші XX ғасырдың екінші жартысында музыкатану саласында қазақ тілінде ғылыми-теориялық еңбектерін жазған, ән жанры мен орындаушылық өнерге арналған тұңғыш монографияның авторы. Ол халқымыздың ең бай әрі қарапайым, адам өмірінің маңызды тақырыптарын қамтыған ән жанры мен әншілік өнерін ғылыми тұрғыда қарастырды. Ұлттық дәстүрге деген халықтың эстетикалық көзқарасы, XX ғасырда пайда болған көпшілік әндер мен олардың даму жолы, қазақ романсының қалыптасуы мен өсуі, орындаушылық өнер мәселесі, хор жанры және т.с.с. тақырыптарды ғылыми тұрғыдан терең зерттеді. Бүгінгі уақытта М.Ахметованың Қазақстанның музыкатану саласының дамуына қосқан өзіндік үлесі туралы жан-жақты қамтып арнайы жазылған еңбектер кездеспейді. Осыған сәйкес М.Ахметованың ғылыми-шығармашылық қызметін зерттеу мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. Ғалымның зерттемелерінің маңыздылығы мен алатын орны және еңбектерінің музыкатану саласына қосқан үлесін тану мәселелері мақаланың ғылыми-практикалық маңыздылығын көрсетеді. Мәриям Мұқатайқызының ғылыми еңбектері тарихи-теориялық тұрғыдан талдауға алынып, өмірін ән жанры мен ән орындаушылық өнердің даму жолына арнаған еңбек жолын тану, зерттеу барысында анықталған мәліметтер осы зерттеудің құндылығын көрсетеді.

Алғыс: Мақала АР19676609 «Жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру үдерісіндегі академиялық музыкатану ғылымы» атты жоба аясында әзірленді.

Кілт сөздер: музыкатанушы, романс, көпшілік әндер, хор, әншілік өнер.

B.Zh. Turmagambetova

Atyrau University named after K. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan

E-mail: bakyt_tur.zhol@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2391-6922

THE WORKS OF M.M. AKHMETOVA IN NATIONAL ART SCIENCES

Abstract. Musicologist Akhmetova Maryam Mukatayevna is the first Kazakh woman to defend, in the late 1950s in Moscow, a candidate's dissertation in art studies. The scholarly works of the first female art historian – a professional specialist from Central Asia – received recognition in various regions of the Soviet Union. These are the scientific and theoretical works prepared by the researcher in Kazakh and Russian on the history of music of the second half of the 20th century, including the first monograph dedicated to the song genre and the performing art of Kazakhstan. She provided a scholarly interpretation of song genres and of vocal art itself, which are the most richly represented and widespread in the culture, encompassing important themes of human life. The musicologist studied in depth such topics as: the aesthetic views of the Kazakh people on national song traditions; mass songs that appeared in the 20th century and their development; the best examples of the

romance genre and its formation; problems of vocal-choral performing art; the creative work of composers in new genres, etc. To this day, there are no works that comprehensively illuminate the unique contribution of M. Akhmetova to musicological science in Kazakhstan. It is precisely for this reason that the study of the scholarly and creative activity of M.M. Akhmetova (1921-2022) is chosen in the article as the main goal. The scientific and practical significance of this article is predetermined by identifying and emphasizing the special place of her published works, and by recognizing her personal contribution to musicology. The analysis carried out from a historical-theoretical perspective of the scholarly works of Maryam Mukatayevna – the main milestones of the creative path of a person who devoted her life to song and the art of vocal performance – as well as other data identified during the research, not only testify to the value of her legacy, but also renew interest in the extraordinary fate of the scholar.

Acknowledgements: The article was prepared within the project AP19676609 «Academic musicology in the process of forming new humanitarian knowledge».

Keywords: musicologist, romance, mass songs, choral, singing art.

Б.Ж. Турмагамбетова

Атырауский университет имени Х. Досмұхамедова, Атырау, Казахстан

E-mail: bakyt_tur.zhol@mail.ru

ORCID ID: 10000-0002-2391-6922

ТРУДЫ М.М. АХМЕТОВОЙ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСКУССТВОВЕДЧЕСКОЙ НАУКЕ

Аннотация. Музыковед Ахметова Марьям Мукатаевна – первая казашка, защитившая в конце 1950-х годов в Москве кандидатскую диссертацию по искусствоведению. Научные труды первого искусствоведа-женщины, профессионального специалиста из Средней Азии получили признание в разных регионах Советского Союза. Это – подготовленные исследователем научно-теоретические труды на казахском и русском языках по истории музыки второй половины XX века, в том числе первая монография, посвященная песенному жанру и исполнительскому искусству Казахстана. Ею научно проинтерпретированы песенные жанры и собственно певческое искусство, которые являются наиболее богато представленными и распространенными в культуре, охватывающими важные темы жизни человека. Музыковед глубоко исследовала такие темы, как эстетические взгляды казахского народа на национальные песенные традиции; появившиеся в XX веке массовые песни и их развитие, лучшие образцы романса и его становление, проблемы вокально-хорового исполнительского искусства, творчества композиторов в новых жанрах и т.д. На сегодняшний день разработок, которые бы всесторонне освещали уникальный вклад М.Ахметовой в музыковедческую науку Казахстане, нет. Именно в этой связи изучение научно-творческой деятельности М.М. Ахметовой (1921-2022) избрано в статье основной целью. Определением и подчеркиванием особого места опубликованных ею работ, признанием личного вклада в музыковедение предопределена научная и практическая значимость данной статьи. Осуществленный в историко-теоретическом аспекте анализ научных трудов Марьям Мукатаевны, основных вех творческого пути человека, посвятившего свою жизнь песне и искусству песенного исполнительства, а также другие данные, выявленные в ходе исследования, не только свидетельствуют о ценности ее наследия, но и актуализируют интерес к необыкновенной судьбе ученого.

Благодарности: Статья подготовлена в рамках проекта AP19676609 «Академическое музыковедение в процессе формирования нового гуманитарного знания».

Ключевые слова: музыковед, романс, массовые песни, хор, искусство пения.

1. Кіріспе

Қазақ тарихында әйел адамдардан шыққан қоғам қайраткерлері, әртүрлі ғылым салаларын меңгерген ғалымдар, өнер мен мәдениетімізде өшпес із қалдырған

тұлғалар аз емес. Білімді қазақ қыздары қоғамдық өмірге белсене араласты, олар өз заманының талабына сай өмір сүріп, еңбектерімен үлкен жетістіктерге жетіп, ғылыми жаңалықтар ашып, ғылым мен білімнің, өнердің дамуына өз үлестерін қосты.

Өткен ғасырдың өзінде-ақ қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш геолог ғалым П.Тәжібаеваның (1920-1991) есімі шет елдерге танымал болды, Н.Базанова (1911-1993) қазақ әйелдерінің арасындағы биология саласындағы алғашқы ғылым кандидаты, Орта Азиядан шыққан алғашқы әйел академик, Ж.Қаңлыбаева (1923-1974) тау-кен саласы бойынша техникалық ғылымдар саласының кандидаты және техника ғылымдарының докторы атанған ең алғашқы қазақ қызы. Бұл қатарда педагог, этнограф, журналист Н.Құлжанова (1887-1934), қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби дәрігер-әйел А.Досжанова (1893-1931), ал өнерде қазақтан шыққан алғашқы балерина Н.Тапалова (1923-1998), опера әншісі К.Байсейітова (1912-1957) және басқалардың есімдерін көптеп атауға болады.

Осы қатарда Орталық Азияда өнертану саласы бойынша алғаш кандидаттық диссертациясын қорғап, кәсіби маман ретінде еңбек еткен қазақ қыздарының бірі – Мәриям Мұқатайқызы Ахметова. Ол қазақ халқының ән жанрының мазмұны мен табиғаты, тақырыптық қырлары, ән өнеріне ұлттық эстетикалық көзқарас, лирикалық әндердің музыкалық-теориялық негіздері, оның даму барысындағы пайда болған көпшілік әндер, романстар, хормен орындаушылық өнерінің ерекшеліктері және басқа да тақырыптарды теориялық тұрғыдан зерттеді. Оның іргелі-ғылыми зерттеулері, этнографиялық жинақтары, сонымен бірге қоғамдық қызметі, жалпы, музыкатану саласындағы үлкен еңбегі жан-жақты қамтылып, ғылыми тұрғыда сараланбай келеді. Ғалымның замандас композиторлардың шығармашылығына арналған портреттері, мақалалары өз алдына бір төбе. Музыкатанушының еңбектерінің жазу тілі мен салалық терминдерді қолдануы, олардың аудармасы бүгінгі күнге дейін өзектелігін жойған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда ғалым Мәриям Ахметованың отандық ғылым саласында қалдырған ғылыми еңбектерінің зерттелуі тақырыптың өзектілігін танытады.

Зерттеудің негізгі мақсаты өнертану кандидаты М.Ахметованың ән жанры мен орындаушылық өнерге арналған еңбектерін қарастырып, музыкатану саласының өсуіне қосқан үлесін анықтау болып табылады.

2. Зерттеу материалдары мен әдістері

2.1. Зерттеу әдістері

Музыкатанушының ғылыми ізденісі Орта Азия мен Кавказ елдеріндегі музыка мамандарына үлгі болды. Ол қазақтың халықтық және ауызекі авторлық лирикалық әндерді, одан кейінгі дәуір және өз заманының әндерін зерттеуге аса көңіл бөлді. Қазақтың ұлттық әншілік дәстүріндегі халықтық эстетикалық көзқарасты, әндердің мазмұнындағы қолданылатын тұспалды, ишара мен емеурінді тек ана тілін жақсы білетін маман ғана талдай алары сөзсіз. Осы тұрғыдан әндердің мазмұндық жүйеленуі, образдардың өлеңмен бейнеленуі мен ондағы нәзік лиризмнің музыка тілінде көрініс табуының теориялық талдаулары музыкалық-поэтикалық тұрғыдан сараланды. Отандық музыкатанудағы М.Ахметованың ғылыми-шығармашылығында көтерілген мәселелерге тоқталып, оларды тарихи-теориялық тұрғыдан талдау жүргізуді жөн санадық.

2.2 Материалға сипаттама

Мәриям Мұқатайқызы Ахметова 1958 жылы кәсіби маман ретінде Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында еңбек жолын жалғастырды. Сол жылы Қазақстан комозиторлар одағының мүшелігіне қабылданды. Аталған институттың ғылыми-зерттеу бөлімінде ұзақ жылдар аға ғылыми қызметкері, кейіннен 1961 жылдан «музыкатану» секциясының жетекшісі ғылыми қызметкері. Ғылыми зерттеушілік жұмыстармен қатар ол институттың қоғамдық жұмыстарына да белсене атсалысып, 1968 жылдан Қазақстан Композиторлар Одағының Басқарма мүшесі, 1962 жылы КСРО Композиторлар Одағының III, IV съездерінің делегаты, ал 1972 жылы XIX-XX ғасырлардағы Орталық Азия елдерінің әлеуметтік және мәдени дамуы жөніндегі ЮНЕСКО халықаралық конференциясының делегаты болып сайланады. Жиырма жылға жуық институттың партия ұйымын басқарды.

Еңбекжолында М.Ахметова мен әріптес болған Қазақстанның музыка мәдениеті мен ғылымының іргетасын қалаушы тұлғалар А.Қ.Жұбанов, Б.Г.Ерзаковичтермен бірігіп еңбек етеді. Мұндай ірі ғалымдармен бірлестікте кітаптарын жарыққа шығарады. Бұл кезеңде М.Ахметованың есімі Одақтағы танымал музыкатанушы ғалымдармен бірге аталды. М.Ахметова мен Б.Ерзаковичтің «Казахские советские народные песни» этнографиялық жинағы (1959), өзінің «Қазақстан композиторларының әндері мен романстары» (1964), «Қазақ әндері» (1970), А.Жұбанов және Б.Ерзаковичпен бірлесіп жазылған «Советтік Қазақстан музыкасы» (1975). Сонымен бірге, «Казахские народные песни о Ленине» (1970), «Песня и современность» (1968), «Қазақ әндері» (1970), «Традиции казахской песенной культуры» (1984) атты монографиясы, «Ән өнері және уақыт» (1993) атты отандық музыкатанудағы құнды еңбектердің авторы.

Мәриям Мұқатайқызы шығармашылық жолында көптеген республикалық, бүкілодақтық және халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, отандық өнер тақырыбында баяндамалар оқыды. Мысалы, делегат және қатысушы ретінде Орталық Азия елдерінің әлеуметтік және мәдени дамуына арналған халықаралық конференцияға қазақ музыкалық мәдениеті туралы баяндама жасады (Ашхабад, 1972) (Ахметова, 1974), Азия елдерінің Үшінші музыкалық трибунасына (Ахметова, 1973) және әл-Фарабидің туғанына 1100-жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференцияға қатысты (Ахметова, 1975).

Жалпы музыкатанушының шығармашылығы туралы пікірлер мен мақалалар, естеліктер сирек және оның сұхбаттары мерзімді баспасөз беттерінде аз жарияланды. М.М.Ахметованың есімі, өмірі мен шығармашылық жолы туралы мәліметтер Қазақ Совет Энциклопедиясына (Қазақ совет энциклопедиясы, 1972), «Элита Казахстана» жинағына (1977), «Шу өңірі энциклопедиясына» (2010) енді. Тұлғаның отандық музыкатану саласына қосқан ерен еңбегі үшін мемлекеттік деңгейдегі марапаттар табыс етілді: Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарына бірнеше рет ие болған (1959, 1960, 1961); «За доблестный труд» медалі (1970); Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері (1975); 1983 жылы Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1983); «Еңбек ардагері» (1985) және т.б.

3. Талқылау

Мәриям Ахметованың ғылыми зерттеулері ән өнерінің бірнеше қырын қамтыған. Орындаушылық өнерге деген халықтың эстетикалық көзқарасынан бастап әншінің дауыс мүмкіндіктері, ұлттық жеке орындаушылықтың уақыт талабына сай хор өнері болып ұйысуы, хор ұжымының кәсіби қалыптасуы мен даму жолын зерттеген. Жанрдың қоғамдық формацияларға сәйкес тақырыптық алуандылығының пайда болуы, кеңес ән мәдениетінің әсерімен көпшілік әндердің пайда бола бастауы, қырқыншы жылдарда қалыптасып өркендей бастаған романстар, сонымен бірге кәсіби жазба композиторлардың шығармашылық келбеті мен Қазақстан музыка мәдениетіндегі алатын орны, жаңашылдығы туралы портреттер мен мақалалар жазды. Осы еңбектерді толығымен оқып, ондағы ғылыми тұжырымдарды сараптай келе, мақаламызда олардың бірқатарына ғана тоқталып өткенді жөн көреміз.

М.Ахметованың кәсіби маман ретінде тұңғыш еңбегі белгілі ғалым, әріптесі Б.Г. Ерзаковичпен бірлестікте жарық көрген «Қазақтың советтік халық әндері» (1959) этнографиялық жинағы. Бұл алғашқы жинақтардың бірі қазіргі уақытта жас буын зерттеушілердің талдау нысанына алынбай жүр. 1917-1955 жылдар аралығындағы әндер жүйеленіп жарық көрген, олар он түрлі шағын ноталық жинақтар мен қолжазбалардан алынған және әр әннің түсінігін М.Ахметова жазған. Қазаннан басталған жаңа тарихи кезеңді суреттейтін 180 әннің өлеңдері орыс тіліне аударылып ноталарымен енген. Халықтық үлгілермен бірге сол кезеңнің танымал өнерпаздарының әндері бар. Алғысөзде Б.Ерзакович: «Бұл жинақ қазақ халқының тарихына үлкен өзгеріс, жаңалық енгізген үлкен дәуірдің тамаша істерін оқушының көз алдына келтіретін, халықтың осы заманда шығарған ән-күйлерінің жақсы үлгілерінен құрастырылды», – деп кітаптың негізгі мазмұнын баяндайды (Ахметова, Ерзакович, 1959: 7). Әндер мазмұндық-тақырыптық жағынан жүйелене келе: революциялық әндер және кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы әндер; ескішілдік қалдықтармен күресу, әйел теңдігі, оқу, мәдениет туралы әндер; Коммунистік партия және В.И.Ленин туралы әндер; социалистік құрылыс туралы әндер; жастар және балалар әндері; Отанды қорғау және 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы туралы әндер; Отан туралы тың жерлерді игеру, бейбітшілік, халықтар достығы туралы әндер деп топталған.

Әйел теңдігі, мәдениет туралы әндер тобына «Ағасының қарындасына айтқаны», «Қарындасының ағасына жауабы», «Тұр, сілкін», «Теңдік», «Әйелдерге» және т.б. тақырыптағы әндердің өлеңдері кеңестік социалистік құрылысты жырлайтын, жаңа заманға арқасын сүйеген халық шығармашылығы екенін аңғаруға болады. Мұнда ұлт көсемі ретінде жетпіс жылдан астам уақыт дәріптелген В.И.Ленин туралы он ән жарияланған, кейін, 1969 жылы осы тақырып арнайы жинақ ретінде басылып шығады.

Социалистік құрылыс тобына тақырыбы қол бұлғап тұрған «Машина», «Завод», «Колхозшы», «Темірші», «Забойшы», «Қарқынды еңбек», «Жұмысшы», «Еңбекші», «Шойын жол», «Еңбек – анам», «Тракторшы қарындас» және т.б. үлгілер жиналып, кейінгі отандық ғылымның даму бағытында нысанға кеңінен алынбағаны белгілі. Әрине бұл кезеңде ғалым кейінгі еңбектерінде талдап жазғанындай мазмұны

социалистік, әуені халықтық әндер молынан кездесті. Мысалы, «Сарымойын» әнінің авторы Иманжүсіп екенін Тәуелсіздік жылдары белгілі болғандай, есімі айтуға тиым салынған халық әншісінің осы танымал әні кітапқа өз атымен еніпті (№ 61). Өлеңі жаңа заманға лайықталып, түсініктемеде «жаңа мазмұндағы ескі ән» деп сипаттап, Қ.Лекеровтің жеткізуінде нотаға түсірген. Ал «Смет» (№ 69) әніне «И.Байзақовтың сөзімен айтылып жүрген ескі қазақ әні» деп түсініктеме берсе, «Сұржелгенше» (№176) халықтық әнін советтік жаңа мәтінмен берген. Сонымен бірге Жаяу Мұсаның «Хаулауымен» бірге К.Әзербайев, М.Ержанов, Е.Беркімбаев, Р.Елебаев, Қ.Бабақов, Ғ.Құрманғалиев, Ж.Елебеков, Қ.Лекеров секілді авторлардың тың мазмұндағы жаңа әндерін енгізген.

«Қазақстан композиторларының әндері мен романстары» аталатын шағын кітапша музыка зерттеушінің жарыққа шығарған жеке тырнақалды еңбегі боп саналады (Ахметова, 1964). Кітап «Қазіргі қазақ әндері», «Көпшілікке арналған әндер және романстар» бөлімдерінен жоғарыдағы этнографиялық жинақтағы ноталарға сілтеме жасаған. Талдау барысында музыкатанушы экспедицияда өзі жинаған әндерді нотаға түсіріп, талдаған, қосымшада «Кедейлер ұраны», «Ұмтыл алға, кіші інім», «Жалшылар қорғаны», «Ленинді жоқтау», «Әк-кигай», «Өндіріс», И.Байзақовтың «Қарағанды», Қ.Бабақовтың «Завод», «Машина», Р.Елебаевтың «Жас қазақ» әндерінің нотасы берілген.

Автор революциядан кейінгі қазақ даласындағы әндерге шолу жасағанда орыстың сол жылдардағы революциялық өлеңдерінің қазақ арасына терең сіңе отырып, әннің жаңа жанрларын туғызғанын айта келе мысалдар береді. Кезеңдік мәдениетті бағалау, шолу, талдау барысында өзі ел аузынан жазып алған акпараттандырушылардың есімдерін келтіріп, нотаға түсіргенін де хабарлап отырады. Мысалы, 10-11-беттердегі «Жас қазақ марсельезасы» нұсқалық мәтінді нотасымен тұңғыш рет Б.Ерзаковичпен шығарған «Қазақтың советтік халық әндері» (1959) жинағына шыққанын, 12-13-беттердегі «Ал, кедей ұмтылыңдар алға қарай» әнінің жаңа мәтінімен баянауылдық М.Мұстафиннен жазып алғанын (әуені «Маңмаңкер»), осы кісіден қарапайым әуенді, патриоттық мазмұндағы «Наршаның әні» деген әнді жазып алған. Және де «Ұмтыл, қазақ» әні ескі халық әуенінің негізінде шыққандығына назар аудартады.

Зерттеуші әндерді музыкалық-өлеңдік, теориялық тұрғыдан талдап, жаңа екпін, жаңа мазмұнын, марш ырғағының сергектігін жаңа леп дейді. Әндерге тоқталғанда олардың сол заманғы қазақ әндері аясындағы орнын, жаңашылдығын нақтылап талдап, назар аударады. Мәселен, И.Байзақовтың «Қарағанды» желдірмесінде ақынның дәстүрлі 11 буынның орнына 15 буынды (4+4+4+3) пайдаланғандығын, қазақ халық әндерінде кездеспегендігін, өлең өлшемінің жаңа түрі деп бағалайды. Ал Қ.Бабақовтың шығармашылығын өз заманына дер кезінде үн қосқан композитор дей келе, «Завод», «Қарағанды» әндерінің ерекше түзіліміне, әуендік желісіне мән береді. Осы бөлімді қорыта келе автор «Ол кезде пайда болған жаңа әндердің көбісі тексі жаңа болғанмен, ескі, бұрыннан белгілі халықтық сарында орындалатын-ды. Алайда, жаңадан туған ән текстері оның орындалу ырғағына әсер етпей қалған жоқ. Міне, жаңа әндердің туып қалыптасуына осындай процесс мейлінше әсер етті»

(Ахметова, 1964: 26), – деп жаңа заман әндерінің түпкі шығу қайнарынамен бере тұжырымдайды.

Ғалым М.Ахметованың жарық көрген алғашқы монографиясы «Песня и современность» екі ірі кезеңдік бөлімнен тұрады. Кеңестік кезеңге дейінгі және кеңестік кезеңдегі қазақтың ән шығармашылығы.

Автор кең байтақ қазақ елінің әр аймағындағы ұзақ уақыттар бойы қалыптасқан өзгеше ладтық түзілімдерді, әннің ерекшеліктеріне назар аудартады. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерінің әндерінің басым бөлігі туралы былай айтқан: «...отличается простотой, четкостью, ясностью, жизнерадостностью мелодий», ал Батыс Қазақстанның әндерін, «...наоборот, преобладает мягкая, задуманная лирика. Им присущи черты повествовательности и эпической широты» (Ахметова, 1966: 8). Осы батыс өлкесінде көбіне фригийлік, миксолидийлік ладтың кездесетінін жазған. Музыкатанушының сипаттаған аймақтық лирикалық әндер табиғаты кейінгі буын зерттеушілердің еңбектерінде жалғастығын тапты. Батыс аймағының әншілік мектептері арнайы зерттеліп, ондағы іштей ірі екі мектеп туралы, олардың ортақ нышандарымен қатар бір-бірінен өзгешелігі туралы «The Kazakh professional song traditions» тақырыбындағы мақалада ғылыми талдаулар жасалды. Мысалы, «As far as performance skills are concerned, Muhit Meralyuly, a founder of the western regional oral professional song tradition and Manghystau kaikys' (composers) tradition have a lot in common. The main motive of the region is the heroic epos, which describes warriors' courage and bravery. It had a lot of impact on Muhit's legacy. The representatives of the Manghystau tradition, who were called «Adai's seven composers», are quite different from Muhit's school. We can see it from the regional singers' names in the local dialect, to which is added the word «kaiky» (composer)» (Matyzhanov, Omarova, Turmagambetova, Kaztuganova, 2019: 17).

Мұнда автор терме мен желдірменің музыкалық-өлеңдік құрылымын, теориялық ерекшеліктерін, шалқымалы әндерді, еңбек әндерін, лирикалық әндерді, әлеуметтік қарсылық әндерін және соңғы тарауда Абай әндерін талдаған. Ғалым қазақтың бай ән мұрасын екі түрге, декламациялық-речитативтік – терме мен желдірмеге және иірімді, шалқымалы (әуен желісі аз не көп дамыған) деп, осы екі түр қазақ әндерінің тарихи дамуының негізінде түр деп тұжырымдайды. Эпостан бастау алған декламациялық-речитативті стиль терме, желдірме формаларынан айқын көрініс тапқан. Бұл революциядан кейінгі халықтық шығармашылықта да, кәсіби авторлық әндерде де өрісін тапқан. Олар жылдам, қызу екпінде жүреді. Терме өзіне бекітілген өлеңмен сирек жүреді. Автор термені қазақтың дәстүрлі *речитативті суырып салма әні* деп сипаттайды (Ахметова, 1966: 19). Терменің музыкасының белгілі бір өзіндік формасы, стилі, төлтума музыкалық тілі бар деп, речитативті әнде термеге көркемдік шығармадағы «қосалқы партия» ролін берудің негізсіз екенін айтқан.

Автордың қазақ тілін жетік білуі, көркем әдебиетті, поэзияны жақсы түсінетіндіктен мына термеге берген сипаты өте құнды болып табылады. «Терме буквально означает собирание, сбор. Отсюда терме әні – объединяющая, собирательная песня, в том смысле, что это короткий музыкальный напев, позволяющий излагать различные поэтические мысли в стихотворной форме» (Ахметова, 1966: 20).

Сонымен бірге желдірменің табиғатын, музыкалық сипатын бірнеше ноталық үлгілерді ұсына отырып, талдайды. Ғалым отандық музыкатануда терме мен желдірмені музыкалық-поэтикалық тұрғыдан арнайы қарастырған алғаш ғалым. «Желдирме буквально – езда рысью, рысиситый бег коня. В народе принято говорить желдірте айту – желпінте айту – петь (говорить), ускоряя, воодушевленно, петь с чувством. Называют желдирме также төкпе, т.е. петь огненно-темпераментно, не задерживаясь, как бы потоком» (Ахметова, 1966: 25). Желдірменің табиғатын термеге қарағанда тезірек орындалатынын, мазмұны мен жалпы тұрпаты термемен бірдей дей келе, өлеңдерінде болатын аздаған айырмашылығын жазады. Желдірме көбіне 11-буынды өлеңмен орындалатындықтан, речитативті орындаушылықтың дамыған түрі. Әуені өзгеріссіз қайталана беретін немесе түрленген (вариацияланған) бір немесе бірнеше шағын әуеннен тұрады да, отты қызу екпінмен орындалып, соңында баяулап барып аяқталады. Осы тарау Б.Г. Ерзаковичтің желдірменің формасы рондо формасына ұқсас, ол бірнеше термелерден тұрады деген пікіріне бірнеше мысалдармен тойтарыс береді.

Ғалым бұл тарауда речитативті ән формасының түрлері ретінде жыр мен толғауды (сарын) атаған. Жырдың және толғаудың өлең құрылымына, әуендің сипатына мән беріп, тоқталады. Толғаудың музыкасы мазмұнды, оның жайбарақат әрі байсалды речитациясы сонау өткен кезеңнің оқиғасынан хабар беріп, тұрмыстық және қоғамдық мәнге ие алаңдаушылықты көрсетеді деген. Толғаудың термеден айырмашылығы орта бөлігіндегі речитатив көлемдірек келеді. Зерттей келе ғалым мынадай тұжырым жасаған: «Среди всех форм песен речитативного склада терме и желдирме могут рассматриваться результатами позднейшего и постепенного совершенствования речитативного пения» (Ахметова, 1966: 36). Барлық музыкалық жанрлардың бірдей өз дамуын кеңестік Қазақстан музыкасында жалғастыра алмағанын айтады. Ал терме, желдірме және толғаудың сол кезеңдегі қазақтың кәсіби композиторлары музыкасында жалғастық тапқанына көңіл аударады.

Монографияда шалқымалы әндерді (напевные протяжные песни) қазақ халықтық әндерінің басым сипаты деп көрсеткен. Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан ән дәстүрінің озық үлгілері деп – еңбек әндері, лирикалық әндер және әлеуметтік қарсылық әндерін атайды. Қазақтың еңбек әндері негізінен мал бағумен байланысты туған және еңбекке баулитын, еңбек етуге тәрбиелейтін мазмұнда. Әйелдердің тұрмыстағы қолмен жасайтын еңбегіне де байланысты. Бұл әндер халық ән шығармашылығының алғашқы сатысына жатады деген. Әйелдердің еңбек әндері өте аз сақталғандығын айтып, А.Эйхгорнның XVIII ғ. 80-жылдарындағы хатқа түскен екі үлгісін берген. Эйхгорнның жазуынша бұл әндерді жүн иіргенде және екіншісін киіз үйді тігу кезінде орындаған. Бір айта кететін жәйт, осы үлгілер бүгінгі уақытта әйелдердің еңбек әндері ретінде нысанға алынбай келеді.

Еңбек әндері шағын диапазонда, речитативті сипатта және шумақты формада, қысқа қайырмалы болса, ал лирикалық әндердің сан алуан тақырыпты қамтитынын, өлеңнің бунақтық құрылымын, шумақ ұйқасы туралы айтқан. Бунақтар арасындағы ай, оу, ей кіріспе буындарының, ахау, қарғам-ау, сәулем-ай, шіркін-ай және т.б. сөздердің ролі туралы – онбір буындық өлеңнің ұзақтығын осы кіріспе буын мен

сөздер ұзарта түседі дейді. Көптеген үлгілерді талдап, форманың қайырмасы туралы, шумақтың 2-3-4 әуендік элементтен тұратынын жазып (АВСД), үш түрлі әуендік мелотармақты әуеннің үшэлементтілігі, төртэлементтілігі деп атайды.

Әлеуметтік қарсылық әндері – болмысы лирикалық, ал эмоциялық сипаты туралы: «...отличаются от лирических песен особой целеустремленностью, яркостью своих мелодий и суровостью их интонаций, а также своим энергичным, бодрым ритмом, широким диапазоном, иногда расширенной мелодической формой» (Ахметова, 1966: 72), және де бұл қанаушы тап өкілдерімен күресте туып, өрбіген әндер деген.

Монографияның екінші бөлімі «Қазіргі заманғы халық әндері» тарауынан басталады. Еліміздің қалаларындағы әнсүйерлер клубы ұйымдастырылып, көркемөнерпаздардың музыкалық-әдеби кештері мен концерттерінің болғанын, онда революциялық әндердің көп тыңдалғанын, көбінесе осындай кештер «Интернационал» әнімен басталып, сосын кеш аяқталғанда орындалған. Сондай-ақ кең танымалдық алған «Марсельеза» әнінің өлеңін С.Сейфуллин «Жас қазақ марсельезасы» деп жаңадан жазып, әннің 1917 жылы желтоқсанда алғаш орындалғандығы туралы ақпарат берген. Бұл әннің әуенінде қазақ әндерінің ықпалы сезіледі деген автор қазақтың революциялық әндерінің тууын, дамуын, таралуын анық байқап, талдайды. Еңбекші халықтың арасында тың тақырыптағы, жігерлі, батыл, қазақ революциялық әндері көбейе бастайды дейді. Айтып қана қоймай, ғалым әндердің музыкалық сипатын, ырғағын, екпінін, мазмұнымен байланыстыра талдап, жаңалықтарын айқындап отырады. Алғашқы үлгілерінің бірі «Ұмтыл алға, кіші інім», әр түкпірде «Көтеріліс», «Төңкеріс», «Ұмтыл, қазақ!» т.б. талдай келе ғалым олардың музыкалық негізі туралы мынадай тұжырым жасайды, олар екі түрлі жолмен шықты: «...переосмысливанием ранее известных народных напевов и использованием оригинальных песен, мелодии которых созвучны революционным рабочим песням», мысалы, «Октябрьдің таңы атты» әні халықтық «Ақжалмаш» әуенімен орындалған. Зерттеуші халықтық ән баяу, кең орындалса, сол әннің жаңа мазмұндағы өлеңімен орындалғанда сипаты өзгеріске ұшырағанына көңіл аудартады - енді сергек, мазмұнын айқындай орындайтын шығармаға өзгереді. Сол секілді «Ал кедей, ұмтылындар, алға қарай» әні Ақан серінің «Маңмаңгер» әуенімен орындалған. Бұл үлгілерді М.Ахметова өзінің нотаға хаттауында берген.

Колхоздастыру саясаты қазақ ауылының келбетін түбегейлі өзгерткендіктен, көшпелі қазақтар жаппай отырықшылыққа ауысып, ол туралы алғашқы «Колхозшы» әні, кейін «Толқын» сияқты әндерді келтіруге болады. Мұндай тақырыптың ел аузында алдымен өлеңі тез шығып, халық әуендерімен орындалады және ол әуендердің мазмұнына сәйкес мәнері, екпіні өзгере бастайды. Автор осыны айқындап, «Этим в какой-то степени подготавливается возникновение новых песен» деп тұжырымдайды (Ахметова, 1966: 137). Бұл процесті ғалым 20-30-шы жылдардағы қазақ кеңес әндерінің қалыптасу кезеңі дейді (автор айтыс сияқты шыққан «Екпінді мен жалқау» әнін берген).

Қызыл Армия туралы қазақтың өзбетінше құрылған әскер бөлімінде туған «Полк әні» осы тақырыптағы тұңғыш марш. Сонымен бірге кеңес жастарының еңбекшілдігін, отансүйгіштігін жырлайтын көптеген әндерді атауға болады.

Осындай тақырыптардың бірі Октябрь – ол бақытты өмір дегенмен барабар түсінікте болды. Бұл кезеңдегі әндердің тақырыптың кеңеюімен бірге автор: «В них вводятся характерные интервалы и пунктирный ритм боевых, гимнических революционных песен» деп, әндердің ырғағы, интонациясы, ладтық түзілімдері байи түскенін атайды (Ахметова, 1966: 148).

Автор 30-шы жылдардағы Қазақстан музыка мәдениетіндегі оркестр, музыкалық техникум, хор ұжымы, жаңа жанрлардың өркендеуі туралы айта келе, халық әуендерінің жаңа өлеңдермен айтылып жүргені көпшілік әндер мен романстардың пайда болғанына дейін болған құбылыс ретінде бағалаған. Мұндай жағдай көбінесе бұрынғы халық әндерінің тақырыбы мен қайырмадағы сөздерінің сақталатындығына көңіл бөлген.

Көпшілік әндері және романс туралы талдауларында автор кеңестік ән мәдениетінде туған көпшілік әндердің сипатын атап, еліміздегі осындай туындылардың да пайда болғандығына назар аудартып, арнайы тоқталады. Алғашқы шығарушысы ретінде майдангер композитор Р.Елебаевты атап, оның «Жолдастар», «Асқан бұлбұл», «Құттықтау» әндерін нотасымен талдаған («Жас қазақ»). Р.Елебаевтан соң ғалым Б.Ерзаковичтің бұл бағыттағы зор еңбегін атаған («Айна қыз»), «Қазақтың көпшілік қолды ән жанрын қалыптастырып, жаңа бағыттағы ән стилін дамытуда композитор Л.Хамидидің сіңірген еңбегі ерекше», – деп оның «Қызыл қыран», «Бесжылдықтың ерлері», «Қазақ вальсі», «Отан», «Қазақстан», «Екі той», «Бұлбұл», «Жайлау әні» әндерін, Е.Брусиловскийдің «Алтай», «Гүлденген Қазақстан» әндері туралы айта келе, «Композитор екі әнде де ұлттық формадағы терме стилін өрбіте пайдаланған», – дейді (Советтік қазақ музыкасы, 1975: 80). М.Төлебаев шығармашылығын сөз еткенде оның «Соқ, барабан!», «Шахтерлер әні», «Жылқышы әні», «Қойшы әні», «Ақ мақта» әндерін талдаған.

Композитор М.Төлебаевтың «Май кеші», «Қамар», «Көп жүрдім» романстарын талдап, олардың тарихын егжей-тегжейлі баяндап, романстардың кейіннен «Біржан-Сара» операсында Алтынайдың, Жанботаның ариозасы ретінде толығымен пайдаланғандығын айтқан*. А.Жұбанов халықтың негізден ажырамай, үздік ән, хор, романстарды жазған композитордың шығармашылық тұлғалығы 30-шы жылдардың соңында айқындалып, 40-шы жылдары ол өз шығармашылығының шыңына көтерілді. Автор А.Жұбановтың ән-романстарын екі бағытта өрбігенін – лирикалық және салтанатты-гимндік деп бөледі («Қарлығаш», «Ақ Шолпан», «Қайдасың?», «Москва», «Партия туралы ән», «Колхозшылар, сал әнді», «Жылқышы», «Жайна, жайна өмірім»).

Қазақ кеңес көпшілік әндеріне зор еңбек сіңірген Б.Байқадамовтың ролі, «Ақ бидай», «Домбыра», «Водовоз», т.б. көптеген әндерді а капелла хорына лайықтағанына тоқталып, өзінің «Біз жеңеміз», «Жастар әні», «Студенческая песня», «Клятва», «Комсомолдар» және балалар әндері «Бесік жыры», «менің папам» және де вокалдық-хореографиялық миниатюралары, «хор поэмалары» тыңдарман хошеметіне ие болғанын қошаметпен жазады. Бұл тақырыпқа айтарлықтай үлес қосқан Е.Брусиловскийдің «Жасасын», «Советская Конституция», «Серт», «Құтырған

* Бұл кейінгі музыкатанушыларға операны талдауға көмектесетін пайдалы мәліметтер.

қасқыр», «Алтай», «Гүлденген Қазақстан» әндерін айтып кету орынды. Сол кезеңде мазмұнды және әуезді әндер жазған Б.Байқадамовтың, Қ.Қожамияровтың, Ғ.Жұбанованың және С.Мұхамеджановтың, Е.Рахмадиевтің ән-романстарына тоқтап, әр кәсіби композиторға шығармашылық баға беріп, шығармаларын талдай келе әр тұлғаның ән жанрына қосқан жаңалығын, ерекшелігін айқындайды. Кейінгі жылдарда зерттеуші осы тақырыпқа қалам тартқанда композитор Ә.Еспаевтың, Д.Ботбаев, Н.Тілендиевтің ән-романстарын тізбектей келе, К.Күмісбеков, М.Сағатов, Б.Жұманиязовтарды белгілі композиторлар қатарына қосып, олардың ән жанрындағы туындылары халықтық шығармаға айналғандығын айтқан. Осы тақырыпты тұжырымдағанда, көрсетілген жылдардағы көпшілік әндердің басым бөлігін кәсіби композиторлардың жазғанын, саналы түрде, халықтық интонация негізінде мазмұны жаңа, ырғағы, өлшемі жаңа әндердің пайда болғанына көңіл аударады.

«Қазақ әндері» кітабында зерттеуші алдыңғы монографиядағыдай емес, ғылыми академиялық стильден гөрі, еркін, әдеби тілде жиналған ақпараттармен тақырыптарды толықтырып жазған. Еңбектегі музыкатанушының бірқатар аудармалары, музыкалық терминдерге, түсініктерге және қазақ музыкасы туралы жазылған тарихи құжаттардағы пікірлерге, жалпы орындаушылық өнерге немесе белгілі бір тұлғаға айтылған көзқарас, естеліктерді өте сәтті, әдеби, жетік тілде, тіптен мазмұнын өз аудармасымен аша түсіп жеткізуі бейжай қалдырмайды^{*}

Осы тұрғыдан Мәриям Мұқатайқызының қаламынан туған әр еңбегінде жастарға, әсіресе қазақ тілді музыкатанушыларға көмегі көп аудармалар, мен жазу стилі үлгі болады деп санаймыз.

«Хор өнері» бөлімінде автор қазақ елінде 30-жылдардың бас кезінен хор айту тәсілі кәсіби орындауға бет алғандығын, бұл өнердің алғашқы кезінде: «...театралды концерттерде драма артистерімен қатар, жеке әншілер, хор айтушылар аралас кештер өткізіп жүрді. Кештің бірінші бөлімі драмалық спектакль болса, екінші бөлімі көпшілік хорына айналды» (Қазақ әндері, 1970: 90). Автор әдеттегідей тарихи маңызды кезең тұсындағы, яғни жанрдың немесе орындаушылық өнердің қалыптасуы тұсындағы деректерді әрі қарай нақтылай түседі: «Артистер әуелі ойын көрсетіп алып, артынан хорға қосылатын. Ол хорларға Қазақ ССР-нің халық артистері: Қ.Жандарбеков, Е.Өмірзақов, атақты әнші Ә.Қашаубаев пен суырып салма ақын-әнші Иса Байзақовтар қатынасатын». Осы орайда музыкатанушы бұрын тек есімдері ғана аталып жүретін музыканттардың хор өнерінің дамуына қосқан үлесін нақты әңгімелейді: «Д.И.Ковалев театрдың музыка жетекшісі есебінде бірнеше халық әндерін жеке әншілерге және хордың орындауына лайықтап, өңдеп беріп отырды», ал артистердің жеке әншілер мен хор номерлерін О.А.Ковалева фортепианода сүйемедеген. Алғашқы хорда унисондық, екідауыстық және төрт дауыстық болып орындалған. Автор сол кездегі хор репертуарындағы әндерді тізбектеп, сосын оларды талдайды. Орыс музыкасының қайраткері, Ленинград консерваториясының профессоры А.А. Егоровтың А.В. Затаевичтің ірі жинағынан «Гүлзейнеп», «Ардақ», «Әншіге», «Махаббат» әндерін әйелдерге және аралас хорға лайықтап өңдегенін,

^{*} Мысалы, Б.Асафьевтің «цветистое одноголосие» деген теңеуін «құлпырмалы гүлденген бірдауыстылық» деп, ал «вокализация» сөзін «музыкалық вокалдық буындар тізбегі» деп аударған.

осылайша профессордың а капеллалық жаңа хор өңдеулерін жасап бергенін жазған. Ең маңыздысы, 1933 жылы музыкалық театр ашылуына орай Қазақ драма театры жанындағы эн, хор айтатын артистер тобы жеке өз алдына бөлініп шығады. Автор осылайша хор жанрының кәсіби дамуға бет алғандығын айтады, соған сәйкес 1938 жылы музыка училищесінің жанынан хор бөлімі құрылды.

1934 ж. Қазақ республикалық радио хабар комитеті жанынан қазақ хоры құрылады. Очеркте хор репертуары мен хормейстерлер есімдерін нақты жазады, 1933 ж. Қарағанды радио комитеті жанынан хор ұжымы құрылып, оның құрамында энсүйерлер де болған, осы ұжымның концерттері мен жетістіктері және оған айтылған профессор М.В.Беляевтің сынын да келтірген. Дегенмен, көш жүре түзеледі, бұл хордың кейінгі жылдардағы жетістіктерін жаза келе, «Өзінің өсуі мен орындау шеберлігі жағынан Қарағанды хоры сол кездегі Орта Азиядағы бірден-бір алдыңғы қатарлы хор коллективі болып саналды» (Ахметова, 1970: 103). Автор қазіргі қазақ мемлекеттік хор капелласының құрылу тарихын, өсу жолын да жазған.

Автор осы кезеңдегі халық әндерінің молынан өңделуімен бірге кәсіби композиторлардың көптеген әндерді шығарғанын және көпшілік айтатын бірдауысты, көпдауысты алғашқы кеңес әндерінің дүниеге келгенін тұжырымдайды. Сонымен бірге аз уақытта хор өнері халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп үлгерді. Қазақтың мемлекеттік а капелла ұжымының қалыптасу, даму тарихынан мол мәліметтер берген. Алғашқы дирижерлар мен ең алғашқы еліміздегі хор коллективтері мен Қарағандыдағы радиокомитет жанындағы ұжымның гастрольдік сапарларына тоқталады. Сонымен бірге 1972 жылы ҚазақКСР республикалық мемлекеттік а капелла ұжымына арналған шағын фотосуретті кітапшасы баспадан шықты. Онда толық ақпараттар мен құнды архивтік материалдар жүйеленген (Ахметова, 1972).

Қазақтың мемлекеттік хор капелласының өсіп-өркендеуіне үлес қосқан елеулі тұлғаларды Г.Е.Виноградовадан бастайды. Бұл қатарда қазақтың тұңғыш дирижер қызы Гүлжазира Ахметованың есімін, одан кейін ҚазКСР-нің халық артисі В.А.Молодовтың кәсіби еңбегін жоғары бағалайды. Хор ұжымының репертуар байлығын, Одақ бойынша жасалған көптеген гастрольдік сапарларын, айтылған жылы лебіздерді беріп, хорға арналған «Балқаштағы кеш» (Е.Рахмадиев), «Қойшы ойы» хор поэмасы мен «Жайлаудағы кеш» хор сюитасы (Б.Байқадамов) шығармаларын атайды. Б.Байқадамовтың тың ізденістерден туған – күйлерді вокалдық шығармаға айналдыруы «Ақбай», «Шалқыма», «Айжан қыз», «Би күйлері» шығармалары ұжым репертуарынан түспей келеді дейді. Автор композитор М.Маңғытаевтың халық күйінің аңызы бойынша «Ақсақ құлан» хор поэмасына тоқтап, талдап: «өзінің эстетикалық өзгешелігімен және аспаптық фактура, музыкалық жаңашыл тілі, тәсіл, ойларымен хор өнерімізді байытқан құнды шығармалардың бірі болып табылады», – деп қорытады (Советтік қазақ музыкасы, 1975: 298). Осы мемлекеттік хор ұжымы кәсіби жетіле келе, Кеңес Одағындағы алдыңғы қатарлы, таңдаулы коллективтердің бірі саналған.

Аталған мерзімде қарқынды дамыған эн, романстар туралы М.Төлебаевтың «Бақыт вальсі» – «...қазақтың қазіргі концерттік вальсінің аса бір образды, ұлттық мәні зор, интернационалдық форманы шебер пайдалану творчествосының айтарлықтай

үлгісі болып табылады» деген баға береді (Ахметова, Ерзакович, Жұбанов, 1975: 300). Осы ретте Б.Байқадамовтың, Е.Рахмадиевтің Қ.Қожамировтың әндерін, романстарын айта келе, М.Маңғытаевтың Абайдың өлеңіне жазылған «Не іздейсің көңілім, не іздейсің?» романсы туралы былай баға берген: «өзінің көркемдігі мен композициялық құрылысы жағынан қазақтың профессиональдық-вокальдық музыкасын белгілі бір дәрежеде байытып, кеңейте түскен шығарма болып табылады» (Ахметова, Ерзакович, Жұбанов, 1975: 301).

М.Ахметованың «Ән өнері және уақыт» кітабында (Ахметова, 1993) қазақ музыкалық фольклорының жиналу жолына шолу жасалған. Осы тұста автор А.Эйхгорн, А.Левшин, Н.Савичевтен бастап тізбектей келе, А.В.Затаевичтің ірі жинақтарын, этнографтың ізін жалғастырған Д.Мацуцин, Б. Ерзакович, Е.Брусиловский, А.Жұбанов, Л.Хамиди, М.Төлебаевтардың ән-күйлерді жинап, нотаға түсіру еңбектерін сүйсіне еске алады. Ұлттық музыка мәдениеті туралы жазылған еңбектерге шолу жасағанда А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары», «Ғасырлар пернесі» кітаптарын «қазақ музыка тарихының энциклопедиясы» деп бағалайды (Ахметова, 1993: 8).

Ғалым Б.Ерзаковичтің, А.Жұбановтың, өзінің, З.Қоспақовтың, П.Аравиннің, Б.Ғизатовтың, В.Дернованың, Ж.Рсалдиннің және С.Күзембаева, Л.Гончарова, З.Жанұзакова, А.Кетегеновалардың еңбектерін, оларды көптеген тың сұрақтарға жауап береді дей келе: «Алайда біздің музыка зерттеу ғылымымыз әлі де айтарлықтай өріс алып, көңіл толарлықтай дәрежеде дамып отырмағаны белгілі. <...> Музыкалық өнеріміздің барлық салаларын қамтитын, бұл салада қол жеткен табыстарымызбен қатар кемшілігімізді де айқын жүйелеп, талдап көрсететін қазақ музыкасының тарихын жазатын мезгіл әлдеқашан жетті. Сонымен бірге қазіргі фольклористика бағытына, талабына сай қазақ ән-күйлерінің көп томдық жинақтарын шығарса, нұр үстіне нұр болар еді» дейді (!).

М.Ахметованың 1990 жылдары жазылған отандық ғылымның даму барысына сыни көзқарасы өте орынды болып еді, бірақ ол меңзеген көптомдық ән-күй жинақтарының том-томдап жарыққа шығуы араға жиырма жыл уақыт салып барып жүзеге аса бастады.

Зерттеушінің жазу тілі туралы айтар болсақ, сондай көркем, жетік, қазақтың теңеу сөздеріне бай. Ән жанрын: «Ән – адамның жан серігі, қуанғанда бой сергітер, күйзелгенде көңіл жұбатар, жорық жолдарында жігер қосар жайсаң жанр. Оның өміршендігі де – осындай қасиетінде», – деп сипаттайды (Ахметова, 1993: 8). Сондай-ақ Август Эйхгорнның «Музыка казахов» еңбегінен ұлттық әншілік туралы жазған үзіндіні тамаша аударып (!) жеткізген. «Еріккеннің ермегі, торыққанның көңілашары сипатынан шоқтығы биік, әр атыраптың болмысына лайық, тіршілігіне төркіндес, сезіміне сай әуенді де әуезді ән-күй шетсіз-шексіз өлкемізді еркін шарлаған. Қазақта бір атыраптағы ән сазының, күй күмбірінің әрқайсысы өз ерекшелігімен дараланатыны да осыдан. Мәселен, Арқа, Жетісу, оңтүстік, шығыс, батыс өңірлерінде орындалатын ән-күй мен жортқан желдірмелер бір-біріне ұқсамайды, үндестігі болмаса, бірін-бірі қайталамайды» (Ахметова, 1993: 10).

Бұл алғашқы кәсіби қазақ музыкатанушысының ой-өрісінің кеңдігі мен жазба тілінің жоғары деңгейін көрсетеді. Ғалым қазақ әнінің табиғатын сипаттағанда,

көрсетілген бетте: «Қазақ халқының ән өнерінің кең айдынынан типтік екі сала анық байқалады. Ол – тақпақ сазды – речитативті әндер және әуенді, шалқымалы, кең үнді әндер. Басқаша айтқанда, бірінші түрі – желдірте, термелеп, толғай айтылатын жырлар, екіншісі – созылып айтылатын кең үнді, әуез-мақамының сымбаттылығы әр күйлі, бірде бәсен, бірде көтеріңкі келетін шалқымалы, күрделі әндер», – деп осы типтің халық арасына кең тарап, әннің даму барысына әсерін тигізгендігін айта келе олардың әрқайсысына тоқтайды.

Осы орайда шалқымалы лирикалық әндерге де, терме, желдірмелерге де нақты авторлық шығармалармен мысалдар келтіріп, формасын, ырғағын, екпінін, өлеңін, әуен желісін талдайды. Әндерді сипаттағанда сал-серілердің шығармаларын жетік білетіндігі назар аудартады. Кенен Әзірбаевтың, Иса Байзақовтың, Манарбек Ержановтың әндерін талдап, орындаушылық өнерлеріне баға береді.

«Терменің тамаша бір түрі – желдірме. Қазақтың тақпақты әнінің мұндай классикалық түрін аса көрнекті ақпа, суырыпсалма ақын Иса Байзақовтың желдірмелерінен көреміз» (Ахметова, 1993: 12), – деп оның ашқан жаңалығы аз емес екендігін жаза келе, авторлық қолтаңбасы туралы мынадай тұжырым жасайды: «Оның желдірмелері тыңдаушыға ерекше әсер ететін кіріспе әуеннен басталады да, бірте-бірте ұлғайып, өршіп, үдей түседі. <...> Асқақ, көтеріңкі үнмен айтылып, бірден-бірге үдей түсетін желдірме ырғақтарына желдірме үлгісіндегідей өлең жолдары құйылып келіп отырады. Желдірме аяғында әдеттегідей өзіндік қайырымалармен айшықталады. ...Байзақов творчествосына тән әуелеп келетін ән мақамы оның барлық желдірмелерінің арқауы тәрізді» (Ахметова, 1993: 15).

М.Ахметова осы еңбегін шығарған уақытта, ғалымның қазақ әндерінің сипатын үлкен екі арнаға бөлуіне музыкатану ғылымында қазақ тілінде зерттемелер жазып жүрген өнертану кандидаты З.Қоспақов өз пікірін былай білдірген: «Ұлттық ән өнеріміздің өсіп, дамуына септігін тигізе елеклі атсалысып, оны зерттеумен түбегейлі шұғылданып жүрген, бірнеше кітаптың авторы Мәриям Ахметованың терме, желдірме табиғатын тану туралы пайымдаулары назар аударарлық» (Қоспақов, 1996: 18). Осы кітаптың «Эстетикалық көзқарас және дәстүр жалғастығы» тарауында қазақ халқының әнші-орындаушыға деген эстетикалық таным-түсінігі баяндалады.

Халықтың сал-серілер шығармашылығына алғаш рет арнайы зерттеу жасаған академик А.Жұбанов ұлттық тембридеалды (И.Земцовский термині) сипаттайтын «қоңыр» сөзін әннің характеріне, орындаушының дауысына байланысты қолданған. Ал музыкатану ғылымында «қоңыр» сөзіне алғаш көзқарасын айтқан М.Ахметова: «Халықта «қоңыр әдемі дауыс» дейтін сөз бар. Қазақ әншілік мәдениетке мән бергенде «қоңыр» сөзіне көп мағына сыйғызады. Мәселен, «қоңыр ән», «қоңыр дауыс», «қоңыр саз» деген тіркестер қазақ әнінің баламасына айналған» (Ахметова, 1993: 18), – дейді. Ғалымның жазып қалдырған осы пікірі музыкатануда әрі қарай зерттеуге түрткі болып, «Genre features of the songs of the Zhylyoi area» атты мақалада жалғастығын тапты: «So, the musical nature of konyr songs have common features: lyrical, with calm accentuation, sedate, patient, and thoughtful. If we pay attention to the words calm, gentle, and quiet used with the word «konyr», we notice that they have similar meanings, and make its deep sense clearer» (Turmagambetova, Kaztuganova, 2024: 147). Әрі қарай осы мақалада ғалымдар мынадай тұжырым жасаған: «To conclude, while

generically the konyr song is described as a Kazakh sedate song in national music culture, in the Western part of Kazakhstan it is a song with a certain musical description, thoughtful nature, and distinguished by its long, slow, and patient performance» (Turmagambetova, Kaztuganova, 2024: 147).

«Егер халық әншіні жоғары бағаласа, «күміс көмей, жез таңдай» деп атайды. ...Халықтың дауыстың өзінен металдың қасиетін тауып-тануы, көмейді күміске, таңдайды жезге теңеуі тамаша талғам емес пе?! Ал күміс толқынды, сыңғыр сұлу үнді халық бұлбұлға балайды. «Күміс көмей, жез таңдай» сияқты эстетикалық баға әншілік өнерінде әнді одан сайын жұтындырып, құлпыртып жіберетін саңлақ жүйріктерге ғана беріледі. Мұндай әншілердің үні сан құбылып, құлпырып, әнді әсерлете, аспандата түседі» (Ахметова, 1993: 19). Бұндай бағаға лайық деп сал-серілердің қатарына Ә.Қашаубаев, Қ.Бабақов, М.Ержанов, Ж.Елебеков, Ғ.Құрманғалипов, Қ.Лекеровтерді қосады. Мұнда зерттеуші әнші зергерлігі деген сөз тіркесін қолданған, халықтың әншілік туралы танымының теңеулерін жан-жақты мысалдармен жеткізеді.

Сонымен бірге кезінде «Еуропалық орындау үлгісіне әуестеніп кеткен соң қазақ әншілері өзінің дәстүрлі орындау өнерін, ұлттық өзгешелігін жоғалтады деген ұшқары пікірлер де шықты» деген пікірдің негізсіз екендігін дәлелдей жазып, мысал ретінде қазақ сахнасының бұлбұлы Б.Төлегенованың дауысын айтқан. Осы тұста біз бүгінгі зерттеушілер академиялық вокал өнерінің майталмандары туралы жазғанда орыс сөздері нақты сипаттайтындай, айтар ойды анық, дөп жеткізетіндей көріп, көбінесе орысша оқып алып, соны аударма арқылы жазуға үйренгенбіз. Өйткені, бұл Еуропадан бізге орыс мәдениеті арқылы жеткендіктен, орыс сөздері дәл сипаттайтындай болып тұрады. Ал, М.Ахметованың әншінің дауысы туралы жазғаны мүлдем басқаша, қазақы, соны, тілі жатық әрі санаға бірден қона кетеді: «Бибігүл Төлегеновның үні икемді, еркін, жеңіл құйылады, осынша эмоциялық ұлпалық пен сымбаттылықтың қайдан бастау алатынына қайран қаласыз. Құпия жарқындық, ұстамдылық, ғажап бекзаттық, жылылық, шексіз еркіндік, кеңдік, диапазонның әсем біркелкілігі – әнші даусының ерекшелік айғағы болып табылады. Бибігүл өнеріндегі халықтық мақам вокалдық ұсталықтың классикалық үлгісімен осылай ұштасқан» (Ахметова, 1993: 23).

Монографияның «Өнер қайраткерлері» аталған екінші бөлімінде алты өнер қайраткерінің шығармашылық портреттері сомдалған. Әнші К.Байсейітова туралы «Қазақтың бұлбұл қызы», композитор М.Төлебаевқа арналған «Жарқын құбылыс» естелігі, зерттеуші ғалым Б.Г.Ерзаковичке «Қазақ өнерінің қамқоршысы», композиторлар «Сыдық Мұхамеджанов», М.Маңғытаевқа «Сазды әуеннің саңлағы», «Композитор Ғазиза Жұбанова» тақырыбындағы әртүрлі көлемдегі мақалалардан құралған. Бұл портреттер мен естеліктер өз алдына қарастыруды қажет ететін бөлек тақырыпты қамтиды.

Ғалымның ән өнері мен орындаушыға айтылған сыни пікірлерінде ол өз кезеңіндегі келеңсіз жәйттер туралы жазады. Негізсіз өнер жоқ дей келе, «жанғанынан сөнгені жылдам, авторлық бір концертте орындалатындай қуаты бар» әндердің көбейіп кеткендігін, жастардың халықтық негізден, ұлттық мәдениеттен қол үзгендігінен деп түсіндіреді. Соңында ғалым ән салу, ән шығару өнерімізді жүдетіп алғанымызды

қынжыла жазып, мақаласын тұжырымдайды.

4. Зерттеу нәтижесі

Мәриям Ахметованың ғылыми монографиялары Қазақстанның музыкатану саласында ән жанры мен әншілік өнерге арналған қазақ тілінде жарық көрген іргелі-ғылыми музыкалық-теориялық алғашқы еңбек болып табылады. Қазақ музыкатану ғылымының қалыптасу кезеңінің басында тұрған санаулы кәсіби мамандардың бірі, Мәриям Мұқатайқызы өзге тілден аударып қана қоймай, шетелдік терминдері, ұғымдарды қазақ тілді оқырманға етене жақын ете білді, ғалымның тіл байлығы, жеткізе түсіндіруі мен жазу стилі ізбасарларына өнеге.

Ол дәстүрлі орындаушылық өнерге деген халықтық эстетикалық көзқарасты талдап, жанрдың музыкалық-теориялық сипаттамасын ұлттық руханиятпен байланыста қарастырды. Терме мен желдірме формасын алғаш рет талдап, ғылыми тұжырым жасап, оның даму барысын, отандық кеңес композиторларының әндеріндегі трансформациясын талдады. Жиыrmасыншы ғасырда туған көпшілік әндерді, романстар мен хор өнерінің қалыптасуы мен даму жолын терең қарастырған еңбектердің авторы.

5. Қорытынды

Тұжырымдай айтқанда, отандық музыкатану ғылымында алғаш өнертану саласында ғылыми диссертациясын қорғаған, музыкатанушы ғалым Мәриям Мұқатайқызы Ахметованың ғылыми-шығармашылығы кең ауқымды әрі терең мазмұнды. Қазақ тілінде жазылған музыкалық-теориялық монографиясы мен көлемді зерттемелері, ауқымды тақырыпты қамтыған мақалалары, этнографиялық жинақтары отандық музыкатану саласының өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосты. Ғалым көтерген тың тақырыптар, ән жанры, әншілік өнерге халықтық эстетикалық көзқарас, 20-30-жылдарда қалыптасқан көпшілік әндері, романстар, хор ұжымы, олардың өсіп-өркендеу жолы және т.б. іргелі-ғылыми зерттемелері әлі күнге дейін өз құндылығын жоймай, жас ғалымдарға жол көрсетіп келе жатқан бағыт беруші үлкен құрал болып отыр. Ол қазақ тілінде теориялық еңбектерін жазған тұңғыш кәсіби маман.

Музыкатанушының XIX ғасырда хатқа түскен құнды пікірлерді, естеліктерді аударған жұмыстары өз алдына көтеруге лайықты бір мәселе. Оның салалық ғылыми терминдерді, ұғымдарды аударуы мен әдеби жазба тілі бүгінгі уақытта солғын тартып, терминдерді, сөз тіркестерін тікелей жаттанды аудармамен қолданып жүрген зерттеушілерге берері мол, үлгі ретінде алуға лайық еңбек.

Музыкатанушы ғалым М.Ахметованың ән жанрына арналған ғылыми-теориялық еңбектерінде көтерілген мәселелердің маңыздылығы келешекте жалғасты түрде зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Ахметова М. Аль-Фараби и музыкальное искусство // Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабарлары, тіл әдебиет сериясы. Июль-сентябрь, № 3 (7), 1975. – С.3-64.
2. Ахметова М. Ән өнер және уақыт. – Алматы: Өнер, 1993. – 112 б. ISBN 5-89840-271-3
3. Ахметова М. Заслуженный коллектив Республики государственная хоровая капелла Казахской ССР. – Алма-Ата, 1972. – 12 с.

4. Ахметова М. Қазақ әндері. Музыкалық зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1970. – 84 б.
5. Ахметова М. Қазақстан композиторларының әндері мен романстары. – Алматы: Қазақстан, 1964. – 76 б.
6. Ахметова М. Национальная традиция в казахском вокальном искусстве // Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабарлары, тіл әдебиет сериясы. апрель-июнь, № 2, 1974. – С.62-64.
7. Ахметова М. Песня и современность. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 196 с.
8. Ахметова М., Ерзакович Б. Қазақтың советтік халық әндері. Этнографиялық жинақ. – Алматы, 1959. – 451 б.
9. Ахметова М., Ерзакович Б., Жұбанов А. Советтік қазақ музыкасы. – Алматы: Ғылым, 1975. – 320 б. ISBN90104-069A407(07)-75
10. Қазақ совет энциклопедиясы. (Бас редакторы М.Қ.Қаратаев). – Алматы, 1972. – Т.1. – 648 б.
11. Қоспақов З. Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің... – Алматы: Ғылым, 1996. – 168 б. ISBN 5-628-01875-9
12. Matyzhanov K., Omarova A., Turmagambetova B., Kaztuganova A. (2019) The Kazakh professional song traditions» // International Journal of Innovation, Creativity and Change (ISSN: 2201-1323) www.ijicc.net. – Volume 8, Issue 11. – p. 1-21. <https://www.ijicc.net/index.php/volume-8-2019/140-vol-8-iss-11> (in Eng.)
13. Turmagambetova B. Kaztuganova A. (2024) Genre features of the songs of the Zhylyoi area // Central Asian journal of Art studies. Man in the artistic picture of the modern world. Vol. 9. – 348 p. – P.139-151. DOI 10.47940/cajas.v9i4.855 <https://cajas.kz/journal/article/view/855/544> (in Eng.)

References:

1. Akhmetova M. (1975) Al'-Farabi i muzykal'noe iskusstvo [Al-Farabi and Musical Art] // Qazaq SSR Gylym Akademijasynyn Habarlary, til adebiet serijasy. [Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Language and Literature Series]. July-September, No. 3 (7). – 1975. – P.3-64. (in Russ.)
2. Akhmetova M. (1993) An oner zhane uaqyt [Art of Song and Time].–Almaty: Oner, 1993. – 112 p. ISBN 5-89840-271-3 (in Kaz.)
3. Akhmetova M. (1972) Zasluzhennyy kolektiv Respubliki gosudarstvennaja horovaja kapella Kazahskoj SSR [Honored Ensemble of the Republic: The State Choral Chapel of the Kazakh SSR]. – Alma-Ata. – 12 p. (in Russ.)
4. Akhmetova M. (1970) Kazakh Songs. A Musicological Study. – Almaty: Zhazushy. – 84 p. (in Kaz.)
5. Akhmetova M. (1964) Qazaqstan kompozitorlarynyn anderi men romanstary [Songs and Romances of Kazakh Composers]. – Almaty: Kazakhstan. – 76 p. (in Kaz.)
6. Akhmetova M. (1974) Nacional'naja tradiciya v kazahskom vokal'nom iskusstve [National Tradition in Kazakh Vocal Art] // Qazaq SSR Gylym Akademijasynyn Habarlary, til adebiet serijasy [Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Language and Literature Series]. April–June, No. 2. – pp. 62–64. (in Russ.)
7. Akhmetova M. (1966) Pesnja i sovremennost' [Song and Modernity]. – Alma-Ata: Nauka. – 196 p. (in Russ.)
8. Akhmetova M., Erzakhovich B. (1959) Qazaqtyn sovettik halyq anderi. Jetnografijalyq zhinaq [Soviet Kazakh Folk Songs]. Ethnographic Collection. – Almaty. – 451 p. (in Kaz.)
9. Akhmetova M., Erzakhovich B., Zhubanov A. Soviet Kazakh Music. – Almaty: Gylym, 1975. – 320 p. ISBN90104-069A407(07)-75 (in Kaz.)
10. Qazaq sovet jenciklopedijasy [Kazakh Soviet Encyclopedia]. (1972) / Editor-in-chief M.K.Karatayev. – Almaty. – Vol. 1. – 648 p. (in Kaz.)
11. Kospakov Z. (1996) Syr tartsaq tarihyndan anshilikitin... [From the History of Kazakh Vocal Art...]. – Almaty: Gylym, 1996. – 168 p. ISBN 5-628-01875-9 (in Kaz.)
12. Matyzhanov K., Omarova A., Turmagambetova B., Kaztuganova A. (2019) The Kazakh professional song traditions» // International Journal of Innovation, Creativity and Change (ISSN: 2201-1323) www.ijicc.net. – Volume 8, Issue 11. – p. 1-21. <https://www.ijicc.net/index.php/volume-8-2019/140-vol-8-iss-11> (in Eng.)
13. Turmagambetova B. Kaztuganova A. (2024) Genre features of the songs of the Zhylyoi area // Central Asian journal of Art studies. Man in the artistic picture of the modern world. Vol. 9. – 348 p. – P.139-151. DOI 10.47940/cajas.v9i4.855 <https://cajas.kz/journal/article/view/855/544> (in Eng.)